

## Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің кейбір мәселелері туралы

Қызылорда облысы Арал ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 10 қазандағы № 161-қ қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 25 қазанда № 6000 болып тіркелді

"Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының 3-бабының 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес Арал ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Арал ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері мен тәртібі, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшері айқындалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М. Мейірбековке жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімінің міндетін атқарушы*  
"КЕЛІСІЛДІ"

*Р. Өтешов*

*"Қазақстан Республикасы Ішкі істер  
министрлігі Қызылорда облысының  
Ішкі істер департаменті Арал ауданының  
ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің  
бастығы*

*\_\_\_\_\_ А. Косбармаков*

*"10" қазан 2017 жыл*

Арал ауданы әкімдігінің "10" қазандағы  
2017 жылғы № 161-қ қаулысына  
қосымша

## Арал ауданындағы қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері мен тәртібі, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшері

### 1. Көтермелеудің түрлері

1. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері:

- 1) алғыс жариялау;
- 2) грамотамен марапаттау;
- 3) ақшалай сыйақы беру.

### 2. Көтермелеудің тәртібі

2. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу мәселелерін Арал ауданы әкімдігімен құрылатын қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу жөніндегі аудандық комиссия (бұдан әрі-Комиссия ) қарайды.

3. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге белсенді қатысатын азаматтарды көтермелеу туралы ұсынымды Комиссияға қарауға “Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрілігі Қызылорда облысының ішкі істер департаменті Арал ауданының ішкі істер бөлімі” мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Ішкі істер бөлімі) енгізеді.

4. Комиссия қабылдайтын шешім көтермелеу үшін негіз болып табылады.

5. Ақшалай сыйақыны төлеу Комиссия қабылдаған шешімге сәйкес, қосымша ішкі істер бөлімі бастығының бұйрығы шығарылады.

6. Көтермелеу түрлерін, соның ішінде, ақшалай сыйақы мөлшерін, көтермеленушінің қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесін ескере отыра, Комиссия белгілейді.

7. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысқан азаматтарға көтермелеу шараларын Ішкі істер бөлімі салтанатты жағдайда жүзеге асырады.

### **3. Ақшалай сыйақының мөлшері**

8. 10 айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшердегі ақшалай сыйақы.

9. Ішкі істер бөлімі ақшалай сыйақыны төлеуді облыстық бюджет қаражаты есебінен жүргізеді.